

Кербұлақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы "Кербұлақ аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" № 27-165 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 06 мамырдағы № 30-184 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 22 мамырда № 2732 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 маусымдағы № 05-34 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 17.06.2016 № 05-34 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына, "Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы" 2013 жылғы 3 желтоқсандағы № 704 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес Кербұлақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Кербұлақ аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы "Кербұлақ аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" № 27-165 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2014 жылы 20 наурызда № 2631 тіркелген, 2014 жылы 04 сәуірде аудандық "Кербұлақ жұлдызы " газетінің № 14(3711) жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

33-тармақ келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Облыстың тексеру комиссиясының бюджеттің атқарылуы туралы есебін мәслихат жыл сайын қарайды."

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихат аппаратының басшысы Аманкелді Тұрысбекұлы Иманбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы	Бақытбек Есімов
Мәслихат хатшысы	Есенбай Сұраншынов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК